

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Достық» жалпы білім беретін мектеп» КММ ҒЗИ, ғылыми орталықтар және ЖОО-мен бірлескен білім беру жобаларының нақты іске асырылуыЖАРИЯЛАНДЫ
21.10.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/183499/>**Шыныбекова Лаура Маратбекқызы**

2024–2025 оқу жылы барысында “Достық” жалпы білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесі өңірдегі ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ), ғылыми орталықтар және жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру жобаларын жүзеге асырды.

Бірлескен жұмыс аясында:

- ЖОО-мен біріге отырып, оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын

дамытуға бағытталған Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы университетте «Қазақстандғы IT және AI: Болашаққа жаһандық көзқарас» тақырыбында Халықаралық ғылыми жобалар байқауына қатысты «Достық»жалпы білім беретін мектебінен 27 оқушы қатысып, жүлделі орындармен марапатталды. Байқауда бас жүлдені 9-сынып оқушысы Серикбай Сымбат иеленді.»Достық» ұжымына арнайы кубок және алғыс хат берілді.

- 11-сынып оқушыларымен бірге “Жұмысшылар жылы” аясында

25 сәуір күні Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығы «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» кәсіптік бағдар беру орталығының Тоқыма және тамақ инженериясы жоғары мектебі — Білім беру бағдарламаларын, оқу-зертханалық кешендерін таныстыру мақсатында университет базасында мектеп бітіруші түлектер мен ата-аналарына «Ашық есік күнін» ұйымдастырып өткізді.

Осыған орай, университеттің білім беру бағдарламаларын насихаттау және мамандық таңдауға бағыт-бағдар, кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты – жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және техникалық әрі кәсіптік білім беру жүйесін реформалау.

- 11 сынып оқушылары 10.02.2025 ж. күні Түркістан қаласы, Қожа

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің базасында өткен көрмеге барып қайтты. Еліміздің жоғары оқу орындарының, сондай-ақ ел аумағында орналасқан шетелдік ЖОО-ның филиалдарының, кәсіптік бағдар беру жұмысы шеңберінде ЖОО-дың көрмелері және ЖОО-мен біріккен үлкен конференция болып өтті. Оқушылар өздеріне керекті біраз мағлұматтар алып, сол оқу орындарынан келген мамандарға өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, жауап ала алды. Конференцияда әр оқу орны өздері жайлы ақпарат беріп оқушыларды оқуға шақырды. Шетелдік ЖОО көрмесі кәсіптік бағдарларын жүргізді. Педагог-профориентолог Айдос Жұманазар Қаңтар ҰБТ-не жоғары балл алған оқушыларды құттықтап, сыйлықтарын ұсынып, Мамандық қалай дұрыс таңдау қажет сол туралы кеңестерін берді. Кәсіптік бағдар беру жұмысына Ғылым және жоғары білім министрілігінің кеңесшісі Руслан Емелбаевпен оқушылар кездесіп, керекті ақпараттарын алады. ҰБТ жайында да біраз ақпарат айтып өтті.

- Жергілікті ТЖКБ базаларында Техникалық және кәсіби білім беру

жүйесінде 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп бекітілуіне байланысты Шұбар ауылындағы №18 колледжде жұмысшы мамандықтары туралы ақпарат беру кездесулері ұйымдастырылған.

Осыған орай, 2025 жылдың 06 наурыз күні “Достық” жалпы білім беретін мектебінің кәсіби бағдар беруші педагогы Л.Шыныбекованың ұйымдастыруымен 9 сынып оқушыларын ашық есік күніне алып барды. Білім алушыларымыз колледждің тыныс-тіршілігімен танысып, концерттік бағдарламасын тамашалап қайтты.

Бұл жұмыстар оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға, кәсіби бағдар беру мен ғылымға қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берді.

КББП: Л.Шыныбекова

«Достық» жалпы орта мектебі директоры

Шәдіқожа Ш.Р.



«Шымқорған» бөбекжай балабақшасы ЖШС

меңгерушісі Абильдаева Р.И.



**«ДОСТЫҚ» ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕП ПЕН «ШЫМҚОРҒАН» БӨБЕКЖАЙ
БАЛАБАҚШАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚҰРУ ҮШІН БІРЛЕСКЕН**

КЕЛІСІМ ШАРТ

Ордабасы ауданы

2024-2025 оқу жылы

«Қазақстан республикасының Білім заңына» сәйкес «Достық» жалпы орта мектебінің директоры Шәдіқожа Шолпан Рысбайқызы

Бір жағынан «Шымқорған» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Абильдаева Рыкуль Абильдаевна мен мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілері мен бастауыш сынып пәндерді оқытудың әр түрлі сатысында балалардың білімдерінің қажетті байланыстар мен қатынастарды және сабақтастықты орнату негізінде төменде айтылған келісім шарт жасалды.

«ДОСТЫҚ» ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕП ұжымының міндеттері:

1. Мұғалімдер мен тәрбиешілердің оқу-тәрбие жұмысының міндеттерімен өзара танысуы, балабақшаның мектепалды даярлық топтары мен мектептің бірінші сыныбы бағдарламалар мазмұнын зерттеуді жүргізу.
2. Мұғалімдер мен тәрбиешілердің кәсіби деңгейі мен шеберлігін арттыру және балалардың мектепке дайындығы мәселесі бойынша желілік қоғамдастықты құру, дәрістермен өзара алмасуы және т.б жұмыстарды жүзеге асыру
3. Мұғалімдердің балабақшада өздерінің болашақ оқушыларымен алдын-ала танысу үшін балабақшаға дайындық топтарға жүйелі қатысуы, олардың іс-әрекетін бақылау, балалардың диагностикаларының нәтижелерімен танысу
4. Балабақша тәрбиешілерінің ғылыми-әдістемелік дәрежесін көтеру мақсатында және балабақша бағдарламасы бойынша тәрбиеленушілерге тереңдетіп білім беруде кешенді әдістемелерді меңгеруінде жұмыстар жүргізу

5. Балабақша тәрбиешілері мен тәрбиеленушілеріне кітапхана қорлары мен оқу кабинеттерін пайдалануына мүмкіндік бер

6. Оқытудың материалдық базасымен таныстыру.

«ШЫМҚОРҒАН» бөбекжай балабақшасының міндеттері:

1. Мұғалімдер мен тәрбиешілердің оқу-тәрбие жұмысының міндеттерімен өзара танысуына, балабақшаның жоғарғы топтары мен мектептің бірінші сыныбы бағдарламалар мазмұнын зерттеуге мүмкіндік беру

2. Тәрбиешілердің кәсіби деңгейі мен шеберлігін арттыру және балалардың мектепке дайындығы мәселесі бойынша желілік қоғамдастықты құруда, дәрістермен өзара алмасуда және т.б жұмыстарды жүзеге асыруда көмек көрсету.

3. Мұғалімдердің балабақшада өздерінің болашақ оқушыларымен алдын-ала танысу үшін балабақшадағы дайындық топтарына жүйелі қатысуына, олардың іс-әрекетін бақылауына, диагностика нәтижелері мен мінездемелерімен танысуына мүмкіндік беру

4. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен оқыту және тәрбиедегі өзекті мәселелерді талқылау үшін жағдай жасап беру

5. Мектептің оқу-материалдық базасымен танысу мақсатында «Ашық есік күнін» ұйымдастыру

6. Келісім шарттың орындалуын балабақша меңгерушісінің жауапкершілігіне жүктеу.

Мекен –жайы:

Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы

Қонаев көшесі, 148

Мекен –жайы:

Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы

Энергетик-Пилот 136/1

Түркістан облысы білім басқармасының «№18 колледж»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны мен
Ордабасы ауданы білім бөлімінің «Достық» жалпы білім
беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі
арасындағы кәсіптік бағдар жұмысы туралы

МЕМОРАНДУМ



Түркістан облысының білім басқармасының «№18 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мен Ордабасы ауданының білім бөлімінің «Достық» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі арасындағы кәсіптік бағдар жұмысы туралы

МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев «2025 жылды жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Мемлекет басшысы «Техникалық мамандықтарға басымдық беру қажет», «Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек» - деп жастардың болашағына үміт артып отыр. Осыған орай кадрларды даярлауды жүзеге асыруда аудан, қала әкімдіктері тарапынан жұмыстарды белсенді атқару қажеттіліктеріне байланысты колледждерге тегін гранттарға басымдылық беріліп отыр. Сондықтан Түркістан облысының білім басқармасының «18 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - колледж) директоры Ақтөре Жандос Жарылқасынұлы және Ордабасы ауданының білім бөлімінің «Достық» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Шәдіқожа Шолпан Рысбайқызы (бұдан әрі - мектеп) тараптар төмендегілер туралы келісімдер жасасты.

Меморандумның мақсаты

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі (бұдан әрі ТЖКБ) бар кадрларды даярлау саласын дамыту үшін, «Достық» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу.

Тараптардың міндеттері

1. Колледж міндеттері:

- 1) Колледж басшылығы мен «Достық» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кәсіптік бағдар жұмысын бекітілген кесте бойынша жүргізеді;
- 2) Колледж педагог қызметкерлері «Достық» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесіне барып, 9-сынып бітіруші оқушылармен кәсіптік бағдар жұмысын жүргізеді;
- 3) Колледж педагог қызметкерлері «Достық» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің хабарландыру бұрыштарына, әлеуметтік желілеріне колледж туралы мәліметтер мен хабарландыру орнатады;
- 4) Колледж «Достық» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 9-сынып бітіруші оқушыларының «Ашық есік» күнін өткізеді.

2. Мектептің міндеттері:

- 1) Мектеп басшылығы мен колледжде кәсіптік бағдар жұмысын бекітілген кесте бойынша жүргізеді;
- 2) Мектептегі хабарландыру бұрыштарына, әлеуметтік желілеріне колледж туралы мәліметтер мен хабарландыруға рұқсат береді;
- 3) «Достық» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2025-2026 оқу жылының өндірістік жоспарына сәйкес 18 колледж базасына «Ашық есік» күнін өткізуге 9-сынып бітіруші оқушыларын жібереді.

3. Басқа шарттар

- 1) Осы Меморандум қол қойылған Тараптардың әрқайсысы өз өкілеттіліктері шегінде өз жауапкершілігін мойындайды және туындаған мәселелерді өзара келісім бойынша шешу мақсатында ынтымақтасуға міндеттенеді;
- 2) Осы Меморандум ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңес беру және келіссөздер жолмен шешеді;
- 3) Осы Меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар мемлекеттік тілде 2 данадан жасалады.
- 4) Меморандумға барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың келісімі бойынша кеңес беру және келіссөздер жүргізу жолымен енгізіледі;
- 5) Осы Меморандум Тараптардың арасында қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

«Достық» жалпы білім беретін

мектеп-коммуналдық мемлекеттік

мекемесінің директоры



Ш.Шәдікожа

2025ж

«18 колледж» директоры

Ж.Ақтөре

« » 2025ж



ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.